

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1534 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесін бекіту жөнінде" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 121 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 147 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 2 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2925. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 18.01.2016 № 5 қаулысымен.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу ережесін бекіту жөнінде" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 121 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1534 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 2001 жылғы 18 маусымда - 1 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет туралы шарттарды тіркеу

е р е ж е с і н і ң :

мәтіні бойынша "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;
6-8, 11-13, 17, 19, 21-тармақтар алынып тасталсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган:

1) сақтандыру ұйымдарының меншікті мүлкінің кепіл шарттарының тізілімін;

2) сақтандыру ұйымдарының баланста көрсетілмеген кепілдік (кепілдеме) шарттарының және өзге де міндеттемелерінің тізілімін;

3) сақтандыру ұйымдарының бірлескен қызметі туралы шарттардың тізілімін жүргізеді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру ұйымы қосымша міндеттемелер туралы шартты жасағаннан кейін бес күндік мерзімде уәкілетті органды мәміленің жасалғандығы туралы хабардар етеді және тиісті шарттардың көшірмелерін тізілімге енгізу үшін ұ с ы н а д ы .

Сақтандыру ұйымы бірлескен қызмет туралы шартты тіркеу үшін ол жасалған күннен бастап он күн ішінде уәкілетті органға хабарландыруды, шарттың түпнұсқасы мен көшірмесін ұсынады.

Уәкілетті органның стратегия және талдау бөлімшесі басшысының (басшы орынбасарының) қолы қойылған бірлескен қызмет туралы шартты тіркеу жөніндегі уәкілетті органның белгісі шарт түпнұсқасының соңғы бетіне қойылады әрі ол осы Ереженің Қосымшасына сәйкес ресімделіп, сақтандыру ұ й ы м ы н а қ а й т а р ы л а д ы .

Уәкілетті орган қажет болған жағдайда сақтандыру ұйымынан шарттардың тізілімін Ережеге сәйкес жүргізу үшін қажетті басқа да қосымша мәліметтерді сұратады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қосымша міндеттемелер немесе бірлескен қызмет туралы шарттар жөніндегі ақпарат уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап бес күндік мерзімде тізілімге енгізіледі.";

Мынадай мазмұндағы қосымшамен толықтырылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының баланста көрсетілмеген меншікті мүлкінің кепіл, кепілдік (кепілдеме) шарттарының және басқа міндеттемелерінің тізілімін жүргізу және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы жасаған бірлескен қызмет

туралы шарттарды тіркеу ережесіне қосымша

"__" _____ 200__ж. N _____ шартын

(шарттың атауы)

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі " __ " _____ 200__ж. N тіркеді.

Уәкілетті органның стратегия және талдау бөлімшесінің басшысы (оның орынбасары)

(А т ы - ж ө н і)

(Қолы)

" __ " _____ 200__ж."

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Қ.М. Досмұқаметовке жүктелсін.

Төраға